

Авторлық құқық және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетінің авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметін регламенттейді және "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Бұдан әрі - Заң), "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 411 қаулысы негізінде жасалды.

2. Заңның 7, 34-баптарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге:

- 1) әдеби туындылар;
- 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- 3) сценарий туындылары;
- 4) хореография және пантомима туындылары;
- 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
- 6) дыбыс-бейнежазу туындылары;
- 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
- 8) қолданбалы өнер туындылары;
- 9) сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;
- 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
- 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
- 12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;
- 13) өзге де туындылар қабылданады.

Бұдан басқа:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар;

3) сабақтас құқықтар объектілері (қойылымдар, орындаушылықтар, фонограммалар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына олардың мақсатына, мазмұны мен сапасына, сондай-ақ жеткізілу әдісі мен нысанына қарамастан) қабылданады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен .

3. Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындылар мен объектілерге құқықтарды тіркейтін мемлекеттік тізілімге мәліметтерді (1-қосымша) енгізу және Комитет төрағасы не оның ауыстыратын адамның қолы қойылған зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) (2-қосымша) авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтардың мемлекеттік тіркелуінің ресми дәлелдемесі болып табылады.

Зияткерлік меншік объектілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік мерзімсіз уақытқа беріледі және сот тәртібімен бұл туындының авторы немесе құқық иесі басқа тұлға екені анықталмайынша қолданылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен .

1. Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу

5. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды және сабақтас құқықтарды мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу) немесе одан бас тартуды Комитет автордың (авторлардың) немесе құқық иесінің (құқық иеленушілердің) өтініші келіп түскен күннен бастап бір ай мерзім ішінде жүргізеді .

Комитет өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды талап еткен жағдайда тіркеу мерзімі, олар келіп түскенге дейін тоқтатыла тұрады .

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

6. Мемлекеттік тіркеу автордың (құқық иеленушінің) немесе авторлардың (құқық иеленушілердің) өтініші негізінде тегі, аты-жөні, төлқұжат деректері, туындының атауы, күні, айы және туындының жасалған күні, нысаны немесе жанры, оның түпнұсқалық дәрежесі (түпнұсқалық немесе туынды) міндетті түрде

көрсетіліп жүзеге асырылады. Егер шығарма туынды болса, пайдаланылған туынды авторының (құқық иеленушінің) тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет, егер өтінішті туындыға құқық иесі берген болса, қосымша оның тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат деректері, тұратын жері немесе оның атауы, орналасқан ж е р і к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

7. Әдеби, ғылыми, драмалық, сценарий туындыларына құқықтарды тіркеу к е з і н д е :

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) т у ы н д ы н ы ң д а н а с ы ;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

8. Мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларға және музыкалық-драмалық туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) туынды жазылған тасушы, туындының мәтіні, ноталары немесе п а р т и т у р а с ы ;
- 3) өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Мәтіні бар музыкалық туындыға құқықтарды тіркеу кезінде оның мәтінін ұ с ы н у қ а ж е т .

Тең авторлардың жеке жасаған музыкалық туындыларына берілетін құқықтар жеке де, сондай-ақ бірге де тіркелуі мүмкін.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

9. Хореография, пантомима, дыбыстау-бейнелеу туындыларын құқықтарды т і р к е у к е з і н д е :

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) туынды жазылған тасушы;
- 3) туынды сипаттамасы (атауы, шығарылған күні, көркем ойы және т.б.);
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35, 2009.03.05. N 21 Бұйрықтарымен.

10. Сәулет, қала құрылысы, бау-саябақ өнер туындыларына құқықтарды т і р к е у к е з і н д е :

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) туындының нобайлары, сызбалары, суреттері;
- 3) туындының егжей-тегжейлі сипаттамасы;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2009.03.05. N 21 Бұйрығымен.

10-1. Кескіндеме, мүсіндеме, графика, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер туындыларына құқықтарды тіркеу кезінде:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) туындының нобайлары, суреттері безендірулері немесе туындының суретке түсіру түріндегі бейнесі, сондай-ақ қажет болған жағдайда сызбалары;
- 3) туындының егжей-тегжейлі сипаттамасы;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2009.03.05. N 21 Бұйрығымен.

11. Фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен жасалған туындыларға, сондай-ақ карталарға, жоспарларға, нобайларға, безендірулерге және географияға, топографияға және басқа да ғылымдарға жататын үш өлшемді туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) т у ы н д ы н ы ң д а н а с ы ;
- 3) өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

12. Электронды есептеуіш мәшинеге (бұдан әрі - ЭЕМ) арналған бағдарламаларға, дерек қорларға құқықтарды тіркеу кезінде:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) ЭЕМ-ге арналған бағдарлама немесе дерек қорлар бар тасушы (дискета ж ә н е т . б .) ;

3) ЭЕМ-ге арналған бағдарламасының немесе дерекқордың, деректер базасының атауын, өтініш берушінің атауын (тегі, аты, әкесінің аты), жасалған күнін, қолдану саласын, мақсатын, қызмет мүмкіндігін, негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асыратын ЭЕМ-ның түрін және т.б. қамтитын ЭЕМ-ге арналған бағдарламасының немесе дерекқордың рефераты;

- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Құрамына бірнеше бағдарлама енген (бағдарламалық кешендер) ЭЕМ-ға арналған бағдарламалар толық тіркелуі тиіс.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

13. Фонограммаларға құқықтарды тіркеу кезінде:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) орындаушы мен автор арасындағы авторлық шарттың көшірмесі;
- 3) фонограмма жазылған тасушы;
- 4) фонограмманың сипаттамасы (атауы, шығарылған күні, дыбысталу уақыты, фонограмманың мазмұны және т.б.);
- 5) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 6) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

14. Эфирлік және кабельдік хабарларды тарату тіркелгенде Ұйымдарының х а б а р т а р а т у қ ұ қ ы қ т а р ы :

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) т у ы н д ы н ы ң с ц е н а р и й і ;
- 3) туынды авторымен туындыны пайдалануға ерекше құқықтарды беру туралы жасалған шарттың көшірмесі;
- 4) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен .

14-1. Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу кезінде алымдарды төлеуден б о с а т ы л ғ а н т ұ л ғ а л а р :

Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар – белгіленген үлгідегі куәліктің көшірмесін немесе жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігінің көшірмесін, "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін куәліктің көшірмесін, жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігінің не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтаманың көшірмесін, комиссариаттан алынған, басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына қатысқандығын растайтын анықтаманың көшірмесін немесе басқа мемлекеттердің аумағында

ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билеттің көшірмесін, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат немесе жараланған, контузия алған немесе зақымданғанын растайтын медициналық құжаттардың көшірмесін, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін куәліктің көшірмесін, Чернобыль АЭС-індегі аварияның зардаптарын жоюға қатысушы куәлігінің көшірмесін немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияның немесе азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе әскери комиссариаттан немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органнан немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын анықтаманың көшірмесін;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар – еңбек кітапшасының көшірмесін немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттардың көшірмесін (жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттардың, немесе бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостан үзінді көшірмелердің, коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкаларының, немесе қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс стажын анықтау жөніндегі , зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдерінің, немесе сот шешімдерінің, немесе арнайы комиссиялардың шешімдерінің), немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билеттің немесе анықтаманың көшірмесін;

мүгедектер – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасының көшірмесін;

бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектікті белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасының көшірмесін және туу

туралы куәліктің көшірмесін;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін репатрианттар (оралмандар) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетімен берілген оралманның куәлігінің көшірмесін;

кәмелетке толмағандар – туу туралы көлігінің көшірмесін ұсыну керек.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін мемлекеттік тіркеуге өтінішті олардың атынан ата-аналары, асырап алушылары немесе қорғаншылары ұсынады.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2009.03.05. N 21 Бұйрығымен.

15. Қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған қызметтік туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде, тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардан басқа, қызметтік туындыны пайдалануға мүліктік құқықтардың иелікте болуы туралы автор мен жұмыс берушінің арасындағы шарттың көшірмесін ұсыну қажет.

Автор зияткерлік меншік объектісіне айрықша мүліктік құқықтарды берген жағдайда, мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қосымша туындыны пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды беру туралы автор мен жеке немесе заңды тұлға арасындағы шарттың көшірмесін ұсыну қажет.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35, 2009.03.05. N 21 Бұйрықтарымен.

15-1. Құрамдас және туынды шығармаларға құқықтарды тіркеген жағдайда автормен (авторлармен) немесе құқық иесімен (құқық иеленушілермен) жасасқан авторлық шарттың көшірмесі ұсынылады.

Ескерту: 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

16. Құжаттарды сенімді тұлға арқылы ұсыну кезінде:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған, автор қол қойған, сенімхатты;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қосымша ұсыну қажет.

17. Тіркеуге ұсынылатын материалдар нөмірленуі, тігілуі және әр бетіне автордың (құқық иеленушінің) қолы қойылуы қажет.

Комитетке ұсынылған материалдар (сонымен бірге тіркеуден бас тартылған материалдар), құқықтарды тіркеуге берген өтінім берушінің оларды қайтару туралы жазбаша өтініші болған жағдайды есептемегенде, қайтарылмайды.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

17-1. Комитетке мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін ұсынылатын туындылар тасымалдағыштарда олардың объективті нысанда болуын тексеру үшін қ а р а у ғ а ж а т а д ы .

Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2009.03.05. N 21 Бұйрығымен.

18. Қажет болған жағдайда Комитет өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Мұндайда көрсетілген мәліметтердің растығына өтініш беруші жауап береді.

18-1. Комитет мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жоғалған, бүлінген немесе басқа да дәлелді себептер болған жағдайда, оның телнұсқасын автордың (авторлардың) немесе құқық иесінің (құқық иеленушілердің) өтініші бойынша он жұмыс күні ішінде беруі мүмкін. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің телнұсқасын берген үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген а л ы м а л ы н а д ы .

Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

2. Қорытынды ережелер

19. Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеуге және туындыларды тіркеу туралы ақпарат беруге байланысты даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

20. Өтініш беруші берген мәліметтердің растығына Комитет жауапты емес.

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға және объектілерге құқықтарды мемлекеттік тіркеудің тізілімі

№N	Келіп түскен күні	Тір-кел-ген күні	Автор-дың немесе автор-лардың тегі, аты, әке -	Мекен-жайы, басқа да берілген мәліметтер	Құқық иеле-нуші	Құқықтар объекті-сінің атауы
----	-------------------	------------------	--	--	-----------------	------------------------------

			сінің аты				Ескер- ту

Авторлық құқықпен және сабақтас
құқықтармен қорғалатын туындыларға
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
туралы нұсқаулыққа 2-қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2006
жылғы 31 қаңтардағы N 35 бұйрығымен.

**Зияткерлік меншік объектісін
мемлекеттік тіркеу туралы
К У Ә Л І К**

N_____ 200_ ж "_____" _____
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік
қ ұ қ ы ғ ы к о м и т е т і н д е

_____ өтініші бойынша
(тегі, аты, әкесінің аты)

авторы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
_____ болып табылатын

зияткерлік меншік объектісі _____
_____ атаумен тіркелгені куәландырылады.

Автордың (құқық иеленушінің) өтініші бойынша зияткерлік меншікке
айрықша (мүліктік) құқықтар және
_____ жасалған объекті
(к ү н і , а й ы , ж ы л ы)
_____ тиесілі

(тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның толық атауы)
және автор (құқық иеленуші) жоғарыда көрсетілген объектіні жасаған
кезде басқа адамдардың зияткерлік меншік құқығы бұзылмағандығына
кепілдік береді.

Тізілімде 200_ жылы "_____" _____ жасалған N_____ жазба бар.

Төраға